**Бекітемін**
**Басқарма Төрағасы – Ректор**
**_____________ М. Шоранов**
**«____» _________ 2026 ж.**

# ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

## 2026 жылы жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (СЖТІТ) нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындау себептері мен жағдайларын жою жөніндегі

| № | Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің атауы / Осалдық аймағы | Ұсынылатын қорғаныс шаралары (Мақсатты бағыт) | Жауаптылар (Басқарма мүшелері) | Жауаптылар (Құрылымдық бөлімше / Орындаушы) | Күтілетін нәтиже | Атқару мерзімдері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | ДКБФ / Резидентура:<br>Орын тапшы мамандықтарға қабылдау кезінде жеке немесе туыстық мүдделіліктің (мүдделер қақтығысының) туындау қаупі. | Қабылдау комиссиясының барлық мүшелері үшін жыл сайынғы мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы жазбаша декларациялауды міндетті түрде енгізу | Атқарушы директор Лахов С.В. | Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің (ДКБФ) деканы | Іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда комиссия мүшесін бағалаудан автоматты түрде шеттету. | 2026 жылғы қабылдау науқаны басталғанға дейін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Ауызша сұхбат алу немесе портфолионы бағалау кезіндегі субъективтілік пен процестік осалдықтар. | 1. Емтихан парақтары мен портфолиоларды QR-кодтар арқылы толықтай құпияландыру («соқыр» кодтау).<br><br>2. Ауызша кезеңдерді 100% аудио-бейнежазбамен хаттамалауды қамтамасыз ету. | Атқарушы директор Лахов С.В. | ДКБФ деканаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі (СЖҚКҚ) | Адами факторды толықтай жою; даулы жағдайларды қарау үшін бейнеархивті СЖҚКҚ-де 3 жыл бойы сақтау. | Адами факторды толықтай жою; даулы жағдайларды қарау үшін бейнеархивті СЖҚКҚ-де 3 жыл бойы сақтау. |
| 3 | Резиденттерді жетекші клиникалық базаларға (ҒЗИ) қолмен бөлу кезіндегі біркелкіліктің бұзылу тәуекелі. | Базаларды қолмен тағайындауды жою. Университеттің ақпараттық жүйесінде (Sirius/Platonus) резиденттің академиялық рейтингіне (GPA) қарай автоматты бөлу алгоритмін енгізу. | Атқарушы директор Лахов С.В. | ДКБФ деканаты, Академиялық жұмыс департаменті (АЖД), Цифрландыру департаменті | Басым клиникалық орындарды алу үшін айналма жолдарды іздеу алғышарттарын толықтай жою. | 2026 жылғы 1қыркүйекке дейін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Басқа клиникаларда жұмыс істейтін резиденттердің оқуға нақты қатысуын бақылаудың әлсіреу ықтималдығы. | 1.Клиникалық базаларда биометриялық сәйкестендіру (Face-ID) немесе геолокациялық растау жүйелерін енгізу.<br>2.Тәжірибе күнделіктерін апта сайын резидент, ментор және тәуелсіз аудитор тарапынан үшжақты цифрлық онлайн-растауын іске қосу | Атқарушы директор Лахов С.В. | ДКБФ деканаты, Цифрландыру департаменті, Академиялық жұмыс департаментінің басшысы Тусупбекова С.К. | Сабаққа фиктивті қатысу фактілерін болдырмау; резиденттердің практикалық дағдыларын нақты уақыт режимінде бақылау. | 2026–2027 оқу жылы бойы |
| 5 | Мемлекеттік гранттарды міндетті үш жылдық өтеу құжаттарын тексеру кезіндегі формальды тәсілдер қолдану қаупі. | Жұмысқа орналасу құжаттарын верификациялаудың қатаң ішкі регламентін әзірлеу және ПОҚ үшін үлгерім мәселелері бойынша «Комплаенстың тікелей желісін» құру. | Атқарушы директор Лахов С.В. | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі, Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы Дадамбаев А.Е | Мемлекет алдындағы міндеттемелердің орындалуын бақылау сапасын арттыру; профессор-оқытушылар құрамының академиялық тәуелсіздігін қорғау. | Тұрақты |
| 6 | Халықаралық факультет: Студенттерді топтарға бөлу, | Контингент қозғалысына | Атқарушы директор Лахов С.В. | Халықаралық факультеттің | Шетелдік азаматтар үшін жасанды | 2026 жылғы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ауыстыру, қайта қабылдау және жазғы семестрлерді ұйымдастыру кезіндегі субъективтілік. | қатысты барлық процестерді СҚКО арқылы толық цифрландыру. Нәтижелерді қолмен түзету мүмкіндігінсіз автоматты түрде жүйеде жариялау. | | деканы, Студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚКО), Цифрландыру департаменті | кедергілер жасауды немесе негізсіз артықшылықтар беруді болдырмау. | 1қыркүйекке дейін |
| 7 | Шетелдік стажировкалар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына кандидаттарды таңдаудағы бейімділік («өз адамдарын өткізу») тәуекелі. | Ұтқырлық бағдарламалары туралы хабарландыруларды жариялаудың қатаң мерзімдерін бекіту. Кандидаттардың (ПОҚ пен студенттердің) балдарын ИС-те автоматты есептеуді енгізу. | Атқарушы директор Лахов С.В. | Халықаралық факультеттің деканы, Халықаралық ынтымақтастық департаменті. | Ақпараттық ассиметрияны жою, квоталар мен гранттарды бөлу процесінің 100% ашықтығы мен бәсекелестігін қамтамасыз ету. | Тұрақты |
| 8 | Баға қою мәселелері бойынша кафедралардың ПОҚ-на әкімшілік қысым көрсету немесе есептерді бұрмалау тәуекелі. | 1.Сұраныстарды өңдеудің шекті регламенттік мерзімдерін бекіту.<br><br>2. Үлгерімді бақылау функцияларын | Атқарушы директор Лахов С.В. | Халықаралық факультеттің деканы, Тіркеуші кеңсесі | Құжаттарды өңдеудегі созбалаңдықты қысым құралы ретінде пайдалануды болдырмау; бақылау функцияларының қайталануын жою. | 2026 жылғы 1 қыркүйекке дейін |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | толықтай тәуелсіз кеңселерге (СҚКО / Тіркеуші) өткізу. | | | | |
| 9 | Академиялық жұмыс департаменті (Тестілеу орталығы):<br>Емтихан рәсімдері барысындағы техникалық осалдықтар және сырттай араласу қаупі | Тестілеу орталығының емтихан аудиторияларының мен дәліздерінде 360 градустық панорамалық бейнебақылау жүйесінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. | Академиялық жұмыс департаментінің басшысы Тусупбекова С.К. | Тестілеу орталығының басшысы, Цифрландыру департаменті | Соқыр аймақтарды толық жою; бейнежазбаларды апелляцияларды қарау және емтиханның объективтілігін тексеру үшін пайдалану. | Тұрақты (сессиялар кезінде) |

**Жоғарыда көрсетілген СЖТІТ ( ұсынымдарының орындалуын бақылауды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы А.А. Ислямовқа жүктеймін.**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы** **Ислямов А.А**

**Атқарушы директор** **Лахов С.В.**